БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- **6В04205 – Халықаралық құқық**

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ	Қазіргі заманғы пәндік, коммуникативтік, цифрлық, кәсіпкерлік құзыреттілікке, құқықтық мәдениет пен құқықтық сананың жоғары деңгейіне ие, құқықтық актілерді кәсіби қолдануға және күрделі мәселелерді шешуге қабілетті халықаралық құқық саласындағы заңгер дайындау.
КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ	Қазақстан Республикасында және шет елдерде мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау; құқықтық қатынастарды шарттық-құқықтық реттеу; ҚР сыртқы саяси және сыртқы экономикалық қызметін құқықтық қамтамасыз ету.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 - кәсіби қызметті дамыған құқықтық сана, құқықтық ойлау және құқықтық мәдениет негізінде жүзеге асырады, кәсіби этика қағидаларын сақтайды;

ОН2 - заң қызметінің нақты түрлерінде білікті заң қорытындылары мен кеңестер беруге қабілетті;

ОН3 - ҚР және шет елдердің нормативтік-құқықтық актілерін және халықаралық шарттардың нормаларын қолдануға және түсіндіруге қабілетті; шетелдік элементпен шиеленіскен нақты жағдайларды заңдық талдау дағдыларын меңгерген

ОН4 - академиялық адалдықтың мәнін, қағидаларын және мәдениетін түсінеді

ОН5 - өз құзыреті шегінде заңды бұзуға кәсіби түрде ден қоюға дайын, қылмыстар мен өзге де құқық бұзушылықтарды анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеп-тексеруге қабілетті;

ОН6 - халықаралық шарт мәтінін, халықаралық сот және төрелік мекемелер үшін құжаттарды жасау, заң құжаттарын дайындау дағдыларын меңгерген;

ОН7 - кәсіби міндеттерді шешуде пәнаралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылға қатысуға дайын, өзгермелі еңбек нарығына бейімделуге қажетті құзыреттерді дамыту үшін оқуға және ұтқырлыққа қабілетті;

ОН8 - қазіргі цифрлық технологиялар мен ақпараттық қоғамды дамытудағы ақпараттың мәні мен маңыздылығын түсінуге, осы процесте туындайтын қауіптерді түсінуге, ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі талаптарын сақтауға қабілетті;

ОН9 - этномәдени және конфессиялық айырмашылықтарды және қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымының ерекшеліктерін ескере отырып, көп мәдениетті ортада кәсіби қызметті ұйымдастыру тәсілдерін біледі;

ОН10 - сендіру, сыни ойлау, коммуникациялық қабілеттер, өз бетінше шешім қабылдау және өз ұстанымын қорғау дағдыларын меңгерген, топта және жеке жұмыс істей алады;

ОН11 - қазақ (орыс), шет тілдерінде жазбаша және ауызша сөйлеуді логикалық дұрыс, дәлелді және анық құруға қабілетті, қазақ (орыс), шет тілдерінде кәсіби қарым-қатынастың қажетті дағдыларын меңгерген;

ОН12 - ғылыми зерттеулер мен академиялық жазудың әдістерін біледі және оларды зерттелетін салада қолданады.